

Украинадан Өзбекстан Республикасына Қазақстан Республикасының аумағы арқылы әскери-техникалық мүлік алып өтуге рұқсат беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 14 желтоқсан N 1847

"Қару-жараққа, әскери техникаға және екі ұдай мақсаттағы өнімге экспорттық бақылау туралы" 1996 жылғы 18 маусымдағы Z960009_ Қазақстан Республикасының Заңына және "Экспорттық бақылауға жататын өнімдер транзитінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 тамыздағы N 1143 P991143 _ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1997 жылғы 12 желтоқсандағы N UCE-20.1-39-K/507 келісім-шарт бойынша Өзбекстан Республикасының Қорғаныс министрлігі үшін "Укрспецэкспорт" мемлекеттік компаниясы" (Украина, Киев қаласы) беретін әскери-техникалық мүлікті Украинадан Өзбекстан Республикасына Қазақстан Республикасының аумағы арқылы, қосымшаға P940474_ сәйкес атаулы тізбе мен санда алып өтуге рұқсат етілсін.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі қолданыстағы Халықаралық темір жол жүк қатынасы туралы Z980225_ келісімнің Қауіпті жүктерді тасымалдау ережелеріне және басқа да нормативтік құқықтық кесімдерге сәйкес айрықша қауіпсіздік шараларын сақтай отырып, жүктің Қазақстан Республикасының аумағы бойынша темір жол көлігімен транзиттік тасымалының жүзеге асырылуын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің

Кеден комитеті

Z952368_

заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағы арқылы әскери-техникалық мүліктің өтуіне бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі осы қаулының іске асыру мақсатында қажетті шараларды қабылдасын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2000 жылғы 14 желтоқсандағы
N 1847 қаулысына
қосымша

1997 жылғы 12 желтоқсандағы N UCE-20.1-39-K/507
келісім-шарт бойынша Өзбекстан Республикасының
Қорғаныс министрлігі үшін "Укрспецэкспорт" мемлекеттік
компаниясы" (Украина, Киев қаласы) беретін
әскери-техникалық мүліктің атаулы тізбесі мен саны

Жөнелтуші, ! Беретін ! СЭҚ ТН ! Өлшем ! Саны ! Ескерту
алушы, шекарадан ! арнайы ! коды ! бірлігі ! !
өту станциясы ! мүліктің ! ! (коды) ! !
! тізбесі мен ! ! ! !
! атауы ! ! ! !

1	2	3	4	5	6
"Укрспецэкспорт"	БТС-5	87100000	796	4	
мемлекеттік	тартқыштары				
компаниясы"					
Украина, Киев,	Танктің	87100000	796	4	
Дегтяревская, 36.	ұңғылы				
Алушы: Өзбекстан	мұнаралары				
Республикасының					
Қорғаныс	В-55	87100000	796	15	
министрлігі.	двигательдері				
Өту шекарасы:					
Озинки (Ресей	В-46	87100000	796	15	
Федерациясы) -	двигательдері				
Шеңгелді					
(Қазақстан	УТД-20	87100000	796	30	
Республикасы)	двигательдері				

Арналған станциясы - Ташкент (Өзбекстан Республикасы)

Барлығы: 6 платформа, 6 жабық вагон және қарауыл жеке құрамын тасымалдауға арналған 1 вагон.

Ілесушілер - 5 адамнан тұратын қарауыл: қарауыл бастығы, қарауыл бастығының көмекшісі, үш қарауыл.

Штаттық қару - 2 "ПМ" жүйесінің тапаншасы және 3 "АК" автоматы.

Алып өту 2002 жыл ішінде жүзеге асырылады.

Ескерту. Қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.01.11. N 29 қаулысымен.

P020029_

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.